

Үкімет

Облыс әкімі Нұрлыбек Нәлібаев Үкіметте өткен жиында ҚР Премьер-министрі Әлихан Смайыловтың Сыр өңіріне жұмыс сапары кезінде берген тапсырмаларының орындалу барысын баяндап, өңірдің бірқатар мәселелерін көтеріп, қолдау көрсетуді сұрады. Атап айтқанда, аймақ басшысы өңірдің коммуналдық қызмет көрсету ұйымдары жұмысшыларының жалақысы төмен, яғни 93 мың теңгеге жуық екенін жеткізіп, табысын өңірдегі орташа айлық деңгейге, яғни 252 мың теңгеге дейін жеткізу қажеттігін қаперге салды.

Өңірдің өзекті мәселелері қаралды

Сондай-ақ «Облыс орталығын дамыту» бағдарламасы бойынша қаржыландыру көлемін арттыру тапсырмасы аясында ұсынылған жалпы құны 16,3 млрд теңгені құрайтын 24 инфрақұрылымдық жобаның алдағы республикалық бюджетті нақтылау барысында толық қаржыландырылуының маңыздылығына тоқталды. Жол инфрақұрылымын дамыту мақсатында «Самара-Шымкент» автожолының Ақтөбе бағытындағы 566 шақырымды құрайтын бөлігін 2 жолақтыдан 4 жолақтыға ауыстыру мәселесі бойынша республикалық бюджеттен тиісті қаражат бөлу қажеттігін айтты.

Мұнан бөлек облыс әкімі өңірдегі электр желілерінің мәселесін көтерді. Энергетика министрлігінің көрнеулігі 35 кВ дейінгі электр желілерін қайта жаңғырту жобаларын бюджеттік несиелендіру тетіктерін қолданыстағы заңнамалық актілерге енгізу жұмыстарын жеделдетуіне ықпал етуді сұрады.

Сонымен қатар аймақ басшысы ауыл халқын көгілдір отынмен қамту мәселесіне сұратылған 16,2 млрд теңгенің 2,6 млрд теңгесін газ тасымалдау жүйесінде газ тапшылығының туындауына байланысты қысқарту ұсынылғанын мәлімдеді. Облыс тұрғындары үшін газдандырудың әлеуметтік-экономикалық маңыздылығын ескере келе, әзірленген дайын жобалардың құрылысын бастауға қаржы бөлу мүмкіндігін қарастыру мәселесін көтерді.

Нұрлыбек Нәлібаев аймақтағы ірі күріш өндірісшілерге мемлекеттік қолдау шарасы ретінде «Азық-түлік келісім шарт» корпорациясымен форвардтық келісім-шарт жасау ережесіне тиісті өзгерістер енгізуді жеделдету қажеттігін тілге тиек етіп, Арал теңізіне вегетациялық көзденде бөлек су лимитін белгілеп, су көлемін ұлғайту бойынша жоғарыдағы елдермен келіссөздер жүргізуді ұсынды.

Мұнан бөлек аймақ басшысы өңір үшін маңызы зор қалыңылған қолдау шарасы ретінде «Азық-түлік келісім шарт» корпорациясымен форвардтық келісім-шарт жасау ережесіне тиісті өзгерістер енгізуді жеделдету қажеттігін тілге тиек етіп, Арал теңізіне вегетациялық көзденде бөлек су лимитін белгілеп, су көлемін ұлғайту бойынша жоғарыдағы елдермен келіссөздер жүргізуді ұсынды.

Аймақ басшысының барлық ұсыныстары мен қолдау көрсетуді сұраған мәселелері республикалық бюджеттік комиссияның қарауына ұсынылатын болды.

«ЖЖ» ақпарат

Сайлау – 2023



Жаңадарияда жаңа әкім

Аудан орталығынан шалғай жатса да шаруасын ширатып, күнкөрісін қамдап жүрген ауылдардың бірі – Жаңадария. Аядай ғана елді мекенде береке де, бірлік те бар. Басты тіршілігін ауыл шаруашылығымен байланыстырған ауылда атқарылған жұмыс аз емес. Бұған дейін ауылдың кіреберісіне жөндеу жұмыстары жүргізіліп, жарықтандыру жайы пысықталса, жастар саясатына аса көңіл бөлу, ауылдың көркею-кегәлдану жұмыстарына ден қою және барлық сала бойынша жүйелі жұмыстарды қолға алу биылғы жылдың енішінде. Бұл туралы кеше ғана жауапкершілік жүгін иығына арқалаған ауыл әкімі Рауан Ақпанбетов баяндаған еді.

Иә, Жаңадарияда жаңа әкім. Ауыл тұрғындарының басым көпшілігінің дауысымен ауыл әкімі лауазымына лайықты деп танылған азаматқа елдің артқан сенімі мол. Жексенбі күні өткен саяси науқанда ауыл тұрғындары белсенді түрде дауыс беріп, өз таңдауын жасады.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы №152 учаскелік сайлау комиссиясындағы дауыс беру нәтижелерін хабарлап, үміткерлер арасындағы айқын басымдылықты анықтады. Ауылдағы 320 сайлаушының 271-і дауыс беріп, 241 дауыспен Рауан Ақпанбетов жауапкершілік жүгін арқалады. Ауылдағы ағайынның бұған дейін Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалы, операциялық бөлім маманы қызметін абыроймен атқарған азаматты осы жауапты қызметке лайық көргенін байқадық. Өйткені Рауан Сауранбекұлы бұған дейін де осы қызметті тізгінідеп, ауылдың ажары артып, әлеуметтік әлеуеті көтерілуіне біраз еңбек еткен еді.

«Ауылдағы барлық қордаланған мәселелердің шешімін табуда және ауқымды жобаларды жүзеге асыруда аянып қалмаймын» деген Р.Ақпанбетов те артылған сенім үдесінен шығуға күш

салатынын жасырмады. Жаңадария – ауыл шаруашылығы саласы, әсіресе егін және мал шаруашылығымен айналысатын елді мекен. Шалғайда жатқан бұл ауылдың негізгі күнкөрісі осы деуге болады. «Жаңадарияның қауыны» дегенді жиі естіген шығарсыз, расымен осы ауылдағы егіннің бітік шығатыны, бау-бақша өнімдерінің өзгелерге қарағанда табиғи әрі таза екені де талассыз. Күнкөрісін Жер-Анамен байланыстыратын ауыл тұрғындары алажаздай баптаған өнімін күзде аудан орталығына өкеліп сатады. Көнт тұрғындары тарапынан да жаңадариялық өнімдерге сұраныс жоғары.

Ал жұмысына өнді ғана кіріскен Рауан Сауранбекұлының «Негізі ауылдың тірлігі бекем, береке. Өзім осы ауылдың тумасы болғандықтан жаңадариялықтардың қаншалықты еңбекқор екенін жақсы білемін. Менің жоспарымда атқарылар жұмыс жетерлік. Әсіресе Президентіміздің, облыс әкімінің саясатын жүзеге асыра отырып, ауданымыздың әлеуметтік-экономикалық жағдайын көтеруге баса назар аударып, әрбір жанұяның мұң-мұқтажы мен ұсынысына мұқият көңіл бөліп, пікірімен санасып, олардың өтінішінің мүмкіндігінше оң шешілуіне ықпал етуді қолға алмақпын. Ауылда балалар тәрбиесіне, білім

және денсаулық сақтау саласына көңіл бөліп, мәдениет пен спорттың, ауыл шаруашылығының дамуына, сонымен қатар мемлекет тарапынан қабылданған бағдарламалардың орындалуына да баса назар аударамын» дегеннен-ақ оның жұмыссыздық жайын да назардан тыс қалдырмайтынын бағамдадық. Өзінің сайлауалды бағдарламасында айтқандай, жаңа әкімнің жұмыс жоспарының басым бағыты ауылдың әлеуметтік жағынан аз қамтылған отбасыларының, көпбалалы аналардың мұң-мұқтажын үнемі назарда ұстау мақсатында құзырлы органдарға өткір мәселелер қойып, шешімін табуына, ауыл жастарының бос уақытында мәдени, қоғамдық жұмыстармен спортпен шұғылдануына, жұмыссыз азаматтарды жұмысқа тартуға бағытталмақ.

Ауылда ең әуелі мемлекеттік «Жасыл ел» бағдарламасы аясында ауылдық округті көркейту-кегәлдандыру жұмыстары қолға алынып, учаскелік полиция қызметкері мен ақсақалдар алқасы және кеше комитеті төрағаларымен бірлесе жастар тәрбиесіне көңіл бөлініп, қоғамдық тәртіптің сақталуы, ауылдағы кеше тазалығына мән берілуі, құл-қоқыстардың арнайы тиісті орындарға шығарылуы және санитарлық-тазалық нормаларының

сақталуы күн тәртібіне қойылмақ.

Дамуға бет бұрған ауылда айтарлықтай мәселе барын байқамадық. Ауыз су, аяқ су, жарық, жол мәселесі де кезек-кезеңімен шешімін тауып келеді. Ал ел сенімін арқалаған ауыл әкімі де бастысы алға қойған мақсат барда атқарылатын іс те толастамайтынын айтты.

Есет батырмен иық тресіп тұрған аядай ауылда ахуал да тұрақты. Ауылдың тіршілігін тұралап қалды деуге келмейді. Қазір жұмыссыз азаматтардың да іс бастауына мемлекет бар жағдайды жасап отыр. Бұл мүмкіндікті де жаңадариялықтардың құр жібергісі жоқ. Ал жаңа қызметті тізгінідеген Рауан Ақпанбетов ауылдық округтегі ауыл шаруашылығы саласын өркендету мақсатында пайыздық үстемақысы төмен несиелік бағдарламалар қарастыруға, ауылдан түлеп ұшқан беделді азаматтармен акциялар өткізе отырып, мәдени, спорттық іс-шараларға демеушілік жасауға, көпбалалы және аз қамтылған отбасыларға демеушілік жасауға себепші болуды көздеп отыр.

Ауыл дамыса, өрісі кеңейеді, кәсіпкерлік саласында серпін болса, елді мекеннің еңсесі тіктеледі, әлеуметтік әлеуеті артады. Сондықтан осы мақсатқа жұмыс жасай отырып, тауған жерінің екінші тынысын ашуға күш салатын деген азаматты елдің тілеп абырой биігіне көтере берсін демекпіз. Ал жаңа әкімге жүктелген міндет пен артылған сенімнің ақталуы алдағы уақыттың енішінде.

Нұржамила АЛМАСҚЫЗЫ

Қазақстан қоржыны 3 медальмен толықты

Португалияның Алмада қаласында дзюдодан Гран-при жарысы аяқталды. Байрақты бәсекеде Қазақстан құрамасының қоржынында үш медаль бар.

Атап айтқанда, Абиба Әбужақынова 48 келіге дейінгі салмақ дәрежесінде алтын медаль жеңіп алды. Ал дәл осы салмақта Ғалия Тыңбаева мен 73 келіге дейінгі салмақта Жансай Смағұлов күміс жүлдеге ие болды. Дүбірлі додада 90 келіге дейінгі салмақта Дидар Хамза мен 78 келіден жоғары салмақтағы Камила Берліқаш қола жүлдеге бір қадам жетпей қалды. 27-29 қаңтар аралығында өткен турнирде Қазақстан намысын қорғауға барлығы 14 спортшы аттанған болатын. Әлемдік доданың медальдарын 81 елден келген 500-ден астам спортшы сарапқа салды.

“ЖЖ” ақпарат



Жалағаштықтар соңғы жылдары бұрын өңірде қолға алынбаған кәсіп түріне қадам басып, алды бұл бағытта өнімдерін нарыққа шығарып жатыр. Жергілікті кәсіпкерлер тың жоба қолға алынған жерде табыстың еселенетінін жете түсінген. Тұтынушының сұранысына сай өнім өндіріп, бүгінде ішкі нарықты қамтамасыз етіп отырғандар қатарында Асхат Ермекбаев та бар.

Аудан тұрғыны «SinPro» сауда белгісімен тосол антифриз тәрізді суыққа төзімді сұйықтықтар шығара бастады. Жеке кәсіпкер Асхат Ермекбаев өңірде болмаған тың кәсіпті мемлекеттік бағдарлама арқылы жүзеге асырып отыр. Ол өз ісін өрістету арқылы сырттан келетін өнім бағасына тәуелділікті азайттынына сенеді.

Расында бізде өзге елден келетін өнім көп. Бұл түрлі делдалдар арқылы қолдан қолға өтіп, бағаның өсуіне әсер етпей тұрмайды. Қазір кез келген тауарға қатысты «Нарықтағы баға неге құбылып тұр?» деген сауалға жауаптылар да алдымен осы мәселені себеп қылады. Осындай кедергіні

жоюға кейінгі жылдары аудан кәсіпкерлері де білек сыбана кіріскендей.

Жас кәсіпкер антифриз бен тосолдың атқаратын жұмысында айырмашылық жоғын айтады. Қыста нөл немесе -1 градуста су мұзға айналып қата бастаса, бұл өнім -40 градусқа дейін қатпайтын көрінеді. Ал жаз айларында автокөлікте судың қайнауы жиі кездеседі екен. Антифриз болса, ондай кедергілерге жол бермейтін көрінеді.

Кейіпкеріміздің сөзіне құлақ асқанда оның кәсіптің бұл түріне үлкен ізденіспен һәм тыңғылықты дайындықпен келгенін аңғардық.

– Мен – химик-технологпын. Содан бо-

лар, осы өндірістің қыр-сырын меңгеру онша қиынға түспеді. Жеке қаражатымды салдым, қосымша мемлекеттік бағдарлама арқылы қолдау алдым. Дұрысы, 2021-2025 жылдарға арналған кәсіпкерлікті дамыту жөніндегі ұлттық жоба шеңберінде 5 млн теңге қайтарымысыз грант ұттым. Одан бөлек «Қызылорда» өңірлік инвестициялық орталығы арқылы алты пайыз мөлшерінде 6 млн теңге несие рәсімдеп, бизнесті кеңейтуге күш салдық. Бастысы, мемлекет қолдауы біз секілді жас кәсіпкерлердің дамуы мен шығаратын өнімнің құнын тұрақтандыруға көп көмегін тигізіп келеді, – дейді Асхат Ермекбаев.

Асхаттың шағын өндіріс орнында шығатын өнімді алғашқы отандық тауар деп есептеуге болады. Еуропалық стандартқа құрылған кәсіпорын күніне автокөлікке арналған антифриз бен тосолдың әрқайсысынан 1000 литрден шығарады.

Кәсіпкер барлық технологиялық құрылғыларды, химиялық қоспаларды Ресейден алдырады. Өндіріс орнында жеңіл кепіктен бастап үлкен кәсіпорындарда жұмыс істейтін қозғалтқыштарға қажетті антифриз түрлері өндіріледі. Қазір кәсіпорында бес адам жұмыс істейді.

– Шетелдік брендтерге қарамастан біздің автохимиялық өнім нарықта өз орнын тапты. Қазір ауданның барлық автобөлшек сататын дүкендерінде біздің тауарлар тұр. Енді кәсіпорын көлемін үлкейткім де келеді, – дейді кәсіпкер.

Асхат жақында антифриз өніміне «СТ-KZ» сертификатын алған. Аталған сертификат – тауардың Қазақстан аумағында өндірілгенін немесе өңделгенін растайтын құжат. Демек, өзімізден шыққан өнімді өзге де елдерге экспорттауға мүмкіндік бар.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Спорт

Серпін алған сала



Жалағашта білім саласымен қатар нәтижелі жұмыстарды көрсетіп келе жатқан сала – спорт саласы. Бұлай деуіміздің себебі де жоқ емес. Сала саңлақтары бірінен соң бірі дүбірлі додаларда топ жарып, ауданымыздың атын республикаға, тіпті халықаралық дәрежеде асқақтатып жүр. Жуырда өткен әлем чемпионатында шашасына шаң жұқтырмай, өз салмақ дәрежесіндегі қарсыластарын қапы қалдырып, чемпион атанған жерлесіміз, жас спортшы Теміржанның жеңісінің өзі жалағаштықтардың қуанышын еселеп, саладағы нәтижелі жұмыстарды тағы бір көрсетті десе болады.

Кешегі әлем чемпионаты қазақ күресінен 12-14 желтоқсан күні аралығында Астана қаласындағы Жақсылық Үшкөмпіров атындағы жекпе-жек сарайында өткен болатын. Міне, осы шаршы әлем көз тіккен жарыста Теміржан Руслан 20 жасқа дейінгі жастар арасында 60 келі салмақта қарсыласын жығып, жеңіс тұғырына әуелі болып шықты. Кіл мықтылар сараланып барып бақ сынайтын додада үздік атанған жерлесіміз ауданға қарасты Темірбек Жүргенов атындағы ауылдың тумасы. Ал алтын ұлының чемпион атанғанына бөрігін аспанға атып қуанған тек ауылдастары ғана емес, бүкіл аудан болып ортақтасқан еді. «Таланттың бәрі ауылда» деген сөзді тағы бір дәлелдеген Теміржанауданымыздың абыройын асырып, ауылының мерейін үстем еткенде Жалағаштағы спорт саласының жұмысына да риза болғанымыз рас. Өйткені әрбір чемпионның артында мықты бапкер тұратыны белгілі. Дәл осы бапкерлердің шәкірттерінің бабын келтіріп бөйгеге қосыу, нәтижесінде жеңіс тұғырын бағындыратын чемпиондардың шығуы саланың жұмысында жүйе барын көрсетеді.

Жалпы аудандағы аталған салада серпін барын жақсы білеміз. Өйткені біз спортта жүрген әрбір жастың жеңісін сүйішілеп, аққолтай хабарларды үнемі қалың оқырманға жеткізіп отырамыз. Расымен аудан спорттың алға басуын бірінші кезекте бапкерлердің тынымсыз еңбегімен және шәкірттердің дайындық барысында жиган тәжірибесімен байланыстыруға болады. Командалық сайыстарда, жекелеген жарыстарда

да қоржыны бос қайтпайтын саңлақтарды күні-түні дайындаған бапкерлердің еңбегі ерен. Сонымен бірге қазір салаға көрсетілетін қолдау мен көмектің де жылдан жылға артуы да талантты жастардың талабын шыңдауға әсер етіп жатқаны сөзсіз. Бұл мемлекеттің жастарға, жалпы спортпен шұғылданамын деген жандарға деген қолдауының көрінісі. Сондықтан қазіргі кезде ауданда спорт саласын дамытуға және оған жастарды баулуға ешқандай кедергі жоқ. Жастарымыз барған сайыстардан құр қол қайтып жатқан жоқ. Республиканың халықаралық, қалаберді әлемдік сайыстарда топ жарып жүрген жерлестеріміз бар.

Бүгінгі таңда 14 мыңға жуық аудан тұрғыны бұқаралық спортпен тұрақты түрде айналысады. Бұл жалпы тұрғындардың 38 пайызын құрайды. Ал аудандағы спорт бөлімі мен оған қарасты барлық спорттық нысандар елің, жерің, салт-дәстүр мен ұлттық ойындарымызды қастерлей білетін шымыр да шыныққан ұлтжанды, жастарды тәрбиелеп, баптап келеді. Бұқаралық спортты дамыту, ұлттық спорттық ойындарды, мүгедектер спортын кеңінен насихаттап, белгілі бір жетістікке жету де аталған саланың басым бағыттарының бірі. Сонымен қатар аудандық дене шынықтыру және спорт бөлімі аудандық егде жастағы тұрғындар, мүмкіндігі шектеулі азаматтар, ішкі істер есебінде тұратын көмелетке толмаған жасөспірімдер, аудан ардагерлерімен бірлесіп салауатты өмір салтын сақтау мақсатында спорттық шараларды да ұдайы ұйымдастыруды назардан тыс қалдырмайды. Ал саланың жүйелі

жұмысы мен жаттықтырушылардың кәсібилігінің арқасында өткен жылы спортшыларымыз республикалық және халықаралық жарыстарға қатысып, ҚР чемпионаттарынан, Әлем және Азия чемпионаттарынан жоғары жетістіктерге қол жеткізді.

Тарқатып айтар болсақ, бір спортынан Төлеген Қайсар ҚР спорт шебері, Азия чемпионы, әлем қола жүлдегері, Ислам Мажиев спорт шеберіне үміткер, Азияның күміс жүлдегері, Абдулхасан Сейтенов жаттықтырушы спорт шеберіне үміткер, Азия чемпионы атанды. Сонымен қатар қол добынан Альсина Жұмабек спорт шебері, Азия күміс жүлдегері, Қарлығаш Алтынбек спорт шебері, ҚР супер лигасының чемпионы, Сандуғаш Жарбол, Элизат Сейтмұрат спорт шеберіне үміткерлер қатарынан табылса, белбеу күресінен жерлесіміз Теміржан Руслан Астана қаласында өткен әлем чемпионатының жеңімпазы, спорт шебері атанды.

Бұдан бөлек өткен жылдың желтоқсан айында Астана қаласында «Ауыл алаңынан – олимпиада тұғырына» атты республикалық байқауда «Наркескен» спорт клубының спорт нұсқаушысы Азамат Зәуребаев «Ең үздік спорт нұсқаушы» номинациясымен Мәдениет және спорт министрінің марапатын алса, басқа да спортшыларымыз 8 спорт шебері, 54 спорт шеберіне үміткер нормативтерін орындады. «Алтын күз – 2022» облыстық 35-ші ауыл спортшыларының спартакиадасында да Жалағаш ауданы командалық есепте 3 орынды жеңіп алып, жыл қорытындысымен облыстық рейтинг бойынша Жалағаш ауданы спорттық жетістіктерімен 3

орынды иеленді. Айта кету керек, Азамат Таңсықбайұлы Бұқарбай батыр ауылында «Наркескен» спорт клубының 2014 жылдан бері спорт нұсқаушысы болып жұмыс жасап келеді. Сол уақыттан бері ол қаншама спорт түрінен команда шығарды, жекелеген спортшылар дайындады. Бойдағы қарым-қабілеті мен табандылығының арқасында ол артылған сенім үлесінен шығып келеді. Мәселен, батыр атындағы ауылда Азамат Таңсықбайұлы жасақтаған команда былтыр мүмкіндігі шектеулі жандар арасындағы спартакиадада жүзуден көш бастады.

Ауданның спорт инфрақұрылымын дамыту мақсатында 2022 жылы Жалағаш кентінде жаттығу және стритбол алаңының құрылысы аяқталып, пайдалануға берілгені белгілі. Ал дене шынықтыру-сауықтыру кешенінің құрылысы ағымдағы жылы аяқталып, ел игілігіне берілетін болады. Сондай-ақ кент орталығында орналасқан орталық стадионды қайта жаңғырту жұмыстарын жүргізу үшін аудандық бюджеттен 6,3 млн теңге бөлініп, жоба-сметалық құжаттары әзірленген. Қазіргі таңда мемлекеттік сараптамадан өткізілуде.

Расымен салада серпін бар. Ауыз толтырып айтарлықтай жетістік те жоқ емес. Ал жуырда ғана ауданның ғана емес, облыс және республикамыздың мерейін асырған жерлесімізге «Еліміздің көк байрағын биікке көтеріп, табандылық пен жоғары спорттық шеберлік көрсетіп, елімізді халықаралық сайыста лайықты көрсете білгені біз үшін мақтанды. Алдағы уақытта бұдан да биік шыңдарды бағындыруына тілектеспіз. Ал біз спортшыларымыздың алансыз жаттығу жасауына бар мүмкіндікті жасайтымыз» деген аудан басшысының қуатты сөзі талай болашақ чемпионға күш-жігер беріп, жігерін қайрағаны анық. Ал біз жас спортшылар мен бабындағы бапкерлердің әлі талай жеңісті күндердің көп болуына себепші бола-рына сенеміз.

Н.АЛМАСҚЫЗЫ

Жол сапасы бәрінен маңызды

Жалағашта соңғы жылдары жол құрылысы қарқын алғанын аңғару қиын емес. Аудан әкімдігінен жеткен ақпарға құлақ ассақ, биыл да жол сапасына айтарлықтай мән берілетін секілді. Естеріңізде болса, былтыр Үкіметтің кеңейтілген отырысында Президент жергілікті әкімдердің жұмысын жаңадан ашылған бос жұмыс орындары мен жол сапасына қарап бағалайтынын жеткізген. Президенттің бұған қатысты тапсырмасы ауданда өз деңгейінде орындалып жатыр деуге толық негіз бар. Себебі Жалағаштағы жол құрылысының қарқынын жоғарыда айттық. Ал бос жұмыс орындарына келсек, бұған дейін жұмысын тоқтатқан жобалар биыл қайта іске қосылып, сондай-ақ басқа да кәсіпорындардың көкжиегі кеңейіп, екі қолға бір күрек іздегендер жұмысқа орналасады деп күтілуде.



Иә, өткен жыл аудан үшін табысты жыл болды. Әсіресе барыс жылында жол құрылысы қарқын алып, бұған дейін тас төселмеген көшелердің де сапасы айтарлықтай жақсарып қалды.

Былыр Жалағашта жол құрылысына қатысты 9 жоба жүзеге асқан. Бұған қазынадан 760,9 млн теңге қаралған. Мұнан бөлек 149,5 млн теңгеге 1 кепір қайта жаңғырды.

Жалпы Жалағаш ауданының автомобиль жолдарының ұзындығы 234,1 шақырымды құрайды. Оның 50 шақырымы республикалық, 60,6 шақырымы облыстық, 123,5 шақырымы аудандық маңызы бар автомобиль жолдарына жатады.

Былыр Ұлттық қордан және облыстық бюджеттен 196,5 млн теңге бөлініп, Бұқарбай батыр ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолының 6,33 шақырымына орташа жөндеу жұмыстары жүргізілген. Бұл да талай уақыттан бері Бұқарбай батыр ауылын былай қойғанда, үлкен жолдың арғы бетіндегі ағайынның көтеріп жүрген мәселесі болатын.

Жаңадария бағытындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының 17,1 шақырымына орташа жөндеу жұмыстарын жүргізуге республикалық бюджеттен

123 млн теңге бөлінген болатын. Әрине бұл қаражат ауылға кіреберіс жолдың барлығын жөндеуге жетпейді. Былтыр 4,5 шақырымына жөндеу жұмыстары жүргізілген. Жергілікті билік жобаны толық аяқтау үшін облыстық бюджеттен 196 млн теңге бөлінгенін айтып, шалғай ауылдың халқын қуантып қойды. Демек, Жаңадарияда биыл да жол құрылысы қарқын алады.

Сондай-ақ «Ауыл – Ел бәсігі» жобасы аясында 460,8 млн теңгеге 5 елді мекеннің 16 көшесіне күрделі жөндеу, оның ішінде М.Шәменов ауылындағы 9 көше, Еңбектен 3 көше, Мырзабай ахуннан 2 көше, Жаңадариядан 1 көше, Аққырдан 1 көше бар, Жалағаш кентіндегі 2 көшеге орташа жөндеу жұмыстары жүргізілді. 2021 жылы құрылысы басталған Есет батыр ауылы бағытындағы оңтүстік коллектор көпірінің қайта жаңғырту жұмыстарын былтыр толық аяқталып, пайдалануға берілді. Құрылыс жұмыстарына барлығы 134,4 млн теңге қаралған.

Биыл да Жалағашта жол құрылысы қарқын алғалы тұр. Мәселен, бұдан бөлек биыл облыстық бюджеттен бөлінген 1 млрд 584,7 млн теңгеге «Нұрлы жол» бағдарламасы аясында тағы да бірнеше ішкі көше мен кіреберіс жолдардың сапасы жақсарады. Жаңаталап пен

Аққар ауылдарының аралығындағы аудандық маңызы бар автомобиль жолының 20,6 шақырымын күрделі жөндеу де биылғы жылдың еншісінде. Оған 664,8 млн теңге қаралған. Ал Ақсу ауылына кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолының 2,3 шақырымын орташа жөндеу де биыл жүзеге асады. Оған 76,6 млн теңге қаралған.

«Ауыл – Ел бәсігі» жобасы аясында Жалағашта тағы 4 елді мекеннің 12 ішкі көшесіне жөндеу жұмыстары жүргізіледі. Оның ішінде Жалағаш кентінде 5 көше, Бұқарбай батыр ауылынан 3 көше, Еңбектен 3 көше, М.Шәменов ауылынан 1 көше бар.

Деуімбай елді мекені тұрғындарының көтеріп жүрген мәселесі теміржол арқылы жаяу жүргіншілер өтуге арналған аспалы көпірдің қажеттігі еді. 2023 жылға облыстық бюджет есебінен 184,8 млн теңге қаржыландыру қолдау тауыпты. Бүгінде мемлекеттік сатып алу жұмыстарының қорытындысымен мердігер мекеме де анықталған. Осылайша арғы беттегі ағайынның да талап-тілегі ескеріліп жатыр.

Ауданда жол құрылысымен қатар жарықтандыру жұмыстары да қарқынды жүруде. Мәселен былтыр М.Шәменов ауылына кіреберіс аудандық маңызы

бар автомобиль жолын жарықтандыру жұмыстарына облыстық бюджеттен 17,2 млн теңге бөлініп, жұмыстар толық аяқталған болатын. Сондай-ақ кенттегі Қазыбек би көшесінің жарықшамдарын қайта жаңғыртуға облыстық бюджеттен 22,9 млн теңге бөлініп, қазіргі таңда құрылыс жұмыстары толық аяқталған. Қаракеткен, Аламесек, Аққұм елді мекендерінің ішкі көшелерін жарықтандыру жұмыстарына аудандық бюджеттен қаржы бөлініп, жаңадан жарықшамдар орнатылды.

Биыл аудандық бюджеттен Жалағаш кентіндегі Тоғанас батыр, Б.Сопбеков, А.Бисенов көшелеріне жарықтандыру жұмыстары жүргізіледі. Бұдан бөлек Бұқарбай батыр елді мекенінің 16 көшесін жарықтандыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттар әзірленген. Жоба құны 170,2 млн теңгені құрайды. Аудандық бюджеттен Қаракеткен елді мекеніне кіреберіс аудандық маңызы бар автомобиль жолын жарықтандыру жұмыстарына жоба-сметалық құжаттар әзірлеуге 3,6 млн теңге бөлініп, мемлекеттік сатып алу жұмыстары жүргізілуде.

2023 жылы ауданда 3,2 млрд теңгені құрайтын 25 жоба жүзеге асады деп күтілуде. Оның ішінде 1 млрд 781 млн теңгеге қатысты 8 жоба жол құрылысына тиесілі. Сонымен қатар 14,1 млрд теңгені құрайтын 39 жобаның құжаттары дайын. Оның ішінде бірнеше жоба М.Шәменов ауылдық округінің 2 көшесінің сапасын жақсартуға бағытталған. Сондай-ақ Бұқарбай батыр ауылдық округінің 11 көшесінің құрылысына қатысты 403,2 млн теңгенің жобасы бар. Облыстық және аудандық бюджеттен 24 нысанға жоба-сметалық құжаттар дайындауға 134,8 млн теңге қаржы қаралған. Оның ішінде 13 жоба жол мен кепір құрылысына тиесілі.

Жалпы ауданда жол сапасына соңғы жылдары айрықша мән беріліп жатыр. Бұрын ауылдың елді мекендерді былай қойғанда кент орталығындағы ішкі көшелердің сапасы сын көтермейтін. Ал қазір ше, бүгінде ауданда бұған қатысты мәселелер көзең-көзеңімен шешімін тауып келеді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Ақпараттық жүйеде әлі де мәселе бар

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі «қаңтарда іске қосылады» деген GOSA-GRO.KZ порталы әлі жұмыс істемейді, ал Qoldau.kz жұмысын тоқтатқан. Осы мәселе бойынша ауыл шаруашылығы саласында қызмет ететін 300-ге жуық кәсіпкер мемлекет тарапынан берілетін пайыздық мөлшерлемеге алаңдаулы.



Бұл мәселе Қызылорда облысының кәсіпкерлер палатасы жанындағы Агроөнеркәсіп кешені комитетінде қаралды. Жиынға Палата директорының орынбасары Гауһар Елеусінова, комитет мүшелері, «Атамекен» ҰҚП-ның, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің, облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасының, несие серіктестіктерінің өкілдері мен ауыл шаруашылығы тауар өндірушілері қатысты.

Естеріңізде болса, осыған дейін «Сыбаға», «Агробизнес» мемлекеттік бағдарламалары аясында кәсіпкерлерге шамамен 20 пайызбен несие берілген. Оның 6 пайызын кәсіпкер төлейді, қалған пайызын мемлекет субсидиялайды. ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігі өңізген GOSAGRO.KZ порталының әлі күнге іске қосылмауынан фермерлер қаңтар-ақпан айларына арналған субсидияны ала алмай, несиені 20 пайызбен төлеуге мәжбүр болды.

«Ақпанда төлеуіміз керек, төлемесек, «қара тізімге» өнеміз. Жоғары пайыздың ақшасын қайдан табамыз? Өзі қыстан әрең, арық шыққан малды қалай сатамыз? Шаруаны да ойлау керек шығар. Мемлекеттің азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз етіп отырған біз ғой» дейді «Сыр сыйы» шаруа қожалығының төрағасы Нұрлан Биманов.

Облыстағы жауапты мемлекеттік орган басшылары да субсидиялаудың бірыңғай мемлекеттік ақпараттық жүйесінің мәселесінен хабардар. Олар былтырдан бері министрлікке отыздан астам ұсыныс беріпті.

Облыстық ауыл шаруашылығы және жер қатынастары басқармасы басшысының орынбасары Ғалым Баимбетов расында бұған қатысты мәселе барын жасырмайды. Басқарма бағдарламаны әзірлеушілерге де, министрлікке де мәселені жеткізген. Сондай-ақ олар жаңа ақпараттық жүйе толық іске қосылғанша Qoldau.kz-пен жұмыс істеуді ұсынған, өкініштісі әзірге мәселе шешілмейті.

«Шаруалар алдарына қойған міндетін адал атқарып отыр, мемлекет те міндеттемесін толық орындаса» деген несие серіктестіктерінің басшылары проблеманы қазір шешпесе, фермерлерге салмақ түсетінін айтты.

«Сырдария-1» несие серіктестігі» ЖШС төрағасы Алмат Абдул্লাев мұны қолдан жасалған мәселе деп есептейді. Ол жұмыс істеп тұрған платформаның күшін жойып, шикі, іске қосылмаған, әлі зерттелмеген бағдарламаны заңға енгізіп жібергендерге қапалы.

– Болар іс болды ғой. Біз шаруаларға «қорларыңызды мына уақытқа дейін дайындай беріңіздер» деп айтамын десек, порталдың қашан ашылатыны да белгісіз. Оған ешкім нақты жауап бере алмай отыр. Біздің несие серіктестігі арқылы былға 186 қарыз алушыға 300 млн теңге субсидия қажет. Портал іске қосылмаса, фермерлер 300 млн теңгені өз қалталарынан шығару қажет, – дейді Алмат Абдуллаев.

Несие серіктестігінің басшысы тығырықтан шығудың жолы ретінде өтінімдерді уақытша қағазбен тапсыруды ұсынып отыр.

– Бізде бар мәлімет бойынша республика көлемінде тек қана қаңтарда кәсіпкерлер млрд теңгеге жуық сыйақы мөлшерлемесіне субсидия ала алмай отыр. Сыйақы мөлшеріне берілетін субсидия өзге субсидиялармен салыстырғанда нақты өтінім беру мерзімі нақтыланбайды, демек өтінімдер жыл бойы қарыз бойынша төлемнің келу уақытына қарай жүзеге асырылады. Осындай проблема орын алып жатқанын айтып, Үкіметке хат жолдадық, – деді отырысқа онлайн қосылған «Атамекен» ҰҚП Агроөнеркәсіп кешені және тамақ өнеркәсібі департаментінің сарапшысы Жұлдызай Әубәкірова.

ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігіндегі Мемлекеттік көрсетілетін қызметтерді дамыту және агроөнеркәсіп кешенін цифрландыру департаменті директорының орынбасары Әлем Жұмабеков «портал 1 ақпаннан бастап іске қосылады» дегеннен артық жауап бере алмады. Комитет отырысында кәсіпкерлер министрлік өкіліне жаңа порталдың кемшіліктері мен әкімшілік кедергілері туралы айтып, өзгеріс енгізуді сұрады. Сондай-ақ мемлекеттік қолдау тетіктеріне қатысты өзге де ұсыныстарын ортаға салды. Жиын соңында кәсіпкерлер палатасы директорының орынбасары Гауһар Елеусінова мәселені шешу үшін тиісті мемлекеттік органдармен жұмыс істейтінін жеткізді.

Ерлан СОЗАҚБАЕВ

Б.Табынбаев – 95 жыл



Тау тұлғалы ұстаз

Әңгімені әріден бастасам деймін. Себебі бұл әулет өскен-өнген, елдің құрметіне бөленген, талай жақсылар мен жайсаңдар шыққан Сыр елінің белгілі бір атайығы. Сондағы айтайын дегенім, Табынбай ақсақалдан тараған ұрпақтың бүгінде бір рулы ел болғаны, олардың ішінен егемен еліміздің мақтан тұтар азаматтарының шыққаны, олардың Сыр елінің мақтанышына айналып отырғаны.

Табынбай ақсақал өз ортасында сыйлы, елдің қамын ойлайтын, ешкімді бөліп жармайтын және кімге де болса жақсылық жасағысы келіп тұратын дуалы ауыз қария болыпты. Баласы Тоғызбайдың басқа балдардан ерекшелігі, өзіне қарасты туған-туыстарының балдарын оқытуға айрықша қамқорлық жасап, оны үнемі назарда ұстапты. Ол жылдары нө нәрсенің де жетіспейтін кезі ғой. Соған қарамастан тапқан-таянғанын солардың қажетіне жұмсаған. Солардың ішінде әсіресе туған ағасы Серікбайдың баласы Болтайды өз қолына алып оқытады.

Болтай 1946 жылы Жалағаш қыстағындағы Сталин атындағы орта мектепті бітіреді. Оқуын бітіргеннен кейін «Ұмтыл» колхозында тұратын өз үйіне барып, үйдің шаруашылығына қолғабыс етеді. Сөйтіп жүргенде жаңа оқу жылы да таяп қалады. Жалағаш аудандық оқу бөлімінің тапсырмасы бойынша сыныптасы Сәруар Жанақбаев Болтайға арнайы барып, оны өзімен бірге алып Жалағашқа келе жатқанда Сырдария өткелінде әкесі Серікбай кездесіп, «оқуға кейін барасың, малға шөп дайындайсың» деп оны ауылға кері алып қайтады.

Оқуға түсудің мерзімін өткізіп алған Болтай Қызылорда пединститутының өзі қалаған «Тарих» факультетіне орын бітіп қалып, «Қазақ тілі мен әдебиеті» факультетіне түсуге мәжбүр болады. Сол жылы туыстары Әмірзақ, Кәрібоз Серікбаевтар, Дәнеш Мамытбаева, Али Еркебаев, Тоқшылық Ағыбаев, Темірхан Бекжанов, Қауыш Қазыбекөвтер институтын «Тарих» факультетіне түскен.

Ол кезде Тоғызбай ақсақалдың үйі Жалағаш қыстағында тұратын. Оның үйінен кейінгі үй Көмекеңнің, Камал Бердәулетов ағамыздың үйі болатын. Бұл көрші екі үйдегі екі қария ана күнде кездесіп, есік алдындары, көше беттегі орындыққа отырып әңгіме-дүкен құрады екен. Бірі Тоғызбайдың анасы Алтынбекке әже болса, екіншісі Камалдың анасы Әлима еді. Әңгімелерінің негізгі арқауы Алтынбекке әже немересі Болтайдың тәуір жердің қызына үйленетінін тілейтінін айтса, Әлима қызы Нағиманың тәуір жерге тұрмысқа шыққанын қалайтынын әңгіме етіп айтып тарқасады екен. Қайраң жаны жайсаң, әжелер-ай! Осындай қариялардың қадірін бүгінгі жастар білес ғой, шіркін!

Бірде Алтынбекке әже баласы Тоғызбайға: – Тоғызбай, қалай қарай-сың, мына Болтай өзі тым жуас па, бұл түрімен үйленбейтін шығар. Көршіміз Камалдың қарындасы Нағимаға үйленгені дұрыс болар, өзінің қатары, оқыған, мұғалімдік мамандықты бітірген көрінеді. Қазақтың аталы сөзі бар, «қатын алма, қайын ал» деген, текті әулеттің қызы, – деп ақыл беріпті.

«Ананың көңілі балада, баланың көңілі далада» деген осындайда айтылса керек. Ол кезде қыз бен жігіт бүгінгідей кез келген жерде кездесу дегенді білмейтін. Ол заманның қыз бен жігіті көбіне ойларын жат хазу арқылы білдіретін. Сол сияқты Болтай мен Нағиманың арасына үлкен кісілердің ұйғарымына сәйкес хатта болғанын, бүгінде республикалық дәрежедегі зейнеткер Қаһарман Табынбаевтан хабардар болдық.

«Елу жылда ел жаңа» деген осы. Десе де үлкендердің айтқаны себеп болды ма, әлде арада жүрген хаттың әсері ме, мүмкін өзінің қалауы да солай шығар, ол жағы бізге құпия, өйтеуір үлкендердің тілегі орындалып, 1952 жылы Болтай Нағимаға үйленеді. Ендігі әңгімеміз Бөкен, Болтай Табынбаев туралы айтылатын болғандықтан оның өмір жолына қысқаша шолу жасамақпыз.

Болтай Серікбайұлы 1928 жылы Таң колхозына 1950жылықосылған «Ұмтыл» ауылында Елтай ауылсоветінде дүниеге келген. Қызылорда қаласындағы Н.В.Гоголь атындағы (қазіргі Қорқыт ата университеті) педагогикалық институтты бітіргеннен кейін, Жалағаш қыстағындағы №31 орта мектепке мұғалім болып орналасады. 1951 жылы Мырзабай ахун ауылындағы «Қаратөбе» атындағы жеті жылдық мектепке директорлық қызметке жіберіледі. Содан кейін 1952-1958 жылдары аралығында «Сталин» атындағы орта мектептің оқу ісінің меңгерушісі, «Таң» және «Шәмөнов» атындағы шаруашылықтарда орта мектептерде директор болып қызмет атқарады. 1958 жылы аудандық партия комитетіне нұсқаушы болып ауысады. Бұл қызметте 1962 жылға

дейін болады. Осы жылы аудандық оқу бөлімінің меңгерушілік қызметіне тағайындалады.

1963 жылы Жалағаш, Қармақшы аудандары біріктіріліп, Қармақшы ауданы болып белгіленді. Ауданның таралуына байланысты ол Жалағаш қыстағындағы №123 орта мектепке директор болып ауысады. Осы қызметті 20 жылға жуық атқарып, 1982 жылы 54 жасында дүниеден озды.

Мен өзім онымен алғаш рет 1973 жылдың 27 желтоқсан күні кездестім. Оның да өзіндік тарихы бар. Мен сол жылдың 15 желтоқсанында Арал аудандық партия комитетінің Саяси ағарту кабинетінің меңгерушілігінен облыстық партия комитетінің ұсынысы бойынша Жалағаш аудандық партия комитетіне ұйымдастыру бөлімінің меңгерушісі болып ауысқан кезім. Ол кезде отбасым көшіп келмеген, қонақ үйде тұратынмын.

Туыстығы бар Қайрош деген азамат үйіне қонаққа шақырған еді. Әлгі туысымыздың үйіне барғанымда жұбайымен келіп отырған екі азаматпен кездестім. Бірі Болтай Табынбаев жұбайы Нағима, екіншісі Камбоз Бердәулетов, жұбайы Сара екен. Танысып болғаннан кейін менде қарап отырмай төртеуінің біреуін бұрыннан танытынымды айтып едім, олар бір-біріне таңырқай қарады.

Сондағы айтқаным: – Сіздердің үшеуіңізбен алғаш рет кездесіп отырмын, енді таныстық. Бірақ төртіншісізді, яғни Сараны танып отырмын. – дедім.

Ол неден қысылғанын қайдам. – Мен сізді танымадым, – деді.

Әңгіме мұнымен аяқталмады, өзімнің айтқанымның шындық екеніне көз жеткізу мақсатында: – Сіздің үйлеңізбен аттас Сара Айтбаева деген бөле апаңыз болатын. Ол сізбен біз оқыған Қызылорда қаласындағы педагогикалық институттың «Физика-математика» факультетінде оқыды. Сіз үнемі сол Сараның қасында жүретінісіз. Студенттер оны үлкен Сара, сізді кіші Сара дейтін, – деп сөзімді аяқтадым.

Сол кезде Көмекең: – Шыңғыс дұрыс аятады, – деді.

Өмір деген қызық қой, сол жолы өзімді осылай ақтап алғанмын. Бүгінде бұлардың төртеуі де арамызда жоқ.

Менің Бөкенмен алғашқы таныстығым осылай басталған еді. Енді оған да отыз тоғыз жылға аяқ басыпты. Зымырап өтіп бара жатқан уақыт-ай десеңізші. Алғашқы кездесуден кейін біз туған ағайындай араласып кеттік. Оның үстіне менің Сәкен деген балам Болтайдың немере інісі Қаһарманның үлкен қызы Ляззатпен тұрмыс құрып, бұл әулетпен мыңжылдық құда болдық.

Әрбір тұлғалы азамат жайлы сөз қозғағанда, оның өмір сүру дәуіріндегі қоғамдық-әлеуметтік және саяси жағдайларға тоқтамай кетсек, ойымызды толық жеткізе алмас едік. Әр заманның өз тауқыметі мен талабы болады. Заман өзіне лайықты тұлғаларды өмірге келтіреді. Мәселен, 1950 жылы Қызылорда педагогикалық институтын бітірген бір топ жас, кейін қоғам және мемлекет қайраткері дәрежесіне көтеріліп, облысымыздың экономикасы мен мәдениетінің өркендеуіне өз үлесін қосқан болатын. Олар: Дәуірхан Айдаров, Елеу Көшербаев, Нұрділде Уалиев, Райғаны Сүлейменов, Болтай Табынбаев, Зияда Ижанов, Шәкірат Дәрмағанбетов, Әли Еркебаев, Дәмеш Мамытбаева, Әмірзақ Серікбаев, Кәрібоз Серікбаев және басқалар. Осындай тау тұлғалы азаматтардың қатарында Болтай Табынбаевтың болғанын бүгінде біреу білсе, біреу білмейді.

Бар өмірін ұстаздық жолға арнаған ол адамгершілігі аса мол, саяси сауатты, білімді, адамды апалау дегенді білмейтін, жаны таза, әділетті, жан дүниесі шындықты қалайтын, рухы биік азамат болатын. Табиғат берген бітім- болмысымен, өзінің алға қойған мақсатымен, жасаған жұмысымен ұстаздықтың ең биік шыңын меңгерген еді. Аудандық, облыстық, республикалық, педагогикалық оқуларда алуан тақырыптарда баяндама жасап, жоғары баға алған кезі аз болған жоқ.

Ол асқан шебер ұстаз, асқан методист педагог еді. Ол оқушыларға қазақ тілі мен әдебиеті пәнінен сабақ берді. Одан сабақ алған, бүгінде зейнеткер Қайрош Ыбыраев былай дейді:

Лекциялық сабақта болсын, практикалық сабақта болсын, сөз арасында келтіретін өлеңдерді жатқа айтатын және өлеңдерді жатқа айтқан кезде мәтініне келтіретін. Ал біз, оқушылар ауызымызды ашып

қалатынбыз. Ұстазымыздың сабағында шыбынның ұшқаны естілетін.

Оны өз замандастары мен туыстары теңдессіз ұстаз деп айтатын. Соның куәгері өзімен жиырма жылдан астам бір мектепте қызметтес болған Қазақ ССР оқу ісінің үздігі, «Ленин» орденді ардагер ұстаз Мінәж Әлайдароваға жолығып, сөзге тартқанмызда айтқаны: «Жас келгесін көп нәрсе ұмытылады екен. Бірақ ұмытылмайтын бір нәрсе бар, ол жақсы адамның адамға жасаған жақсылығы екен. Сондай-ақ Болтай Серікбайұлы өте қарапайым, қарауындағыларға үнемі қамқорлық жасап жүретін, аса мәдениетті, білімпаз ұстаз, білгір басшы болатын. Үлкеннің де, кішінің де тілін тауып сөйлейтін».

Мектебіміз ол басқарған жылдары оқушыларға білім мен тәрбие беруде аудандағы ең үздік мектеп болып саналатын. Ол мұғалімдердің дұрыс киініп жүруіне, мектепшілік тазалыққа, оқушылардың ата-аналарымен байланысты тұрақты ұстауына, жас ұстаздардың ұдайы ізденісте болуына айрықша назар аударатын жаратылысы айрықша азамат еді. Ол үлкен жауапты жындарда айтайын деген салмақты ойың, көпшілік ұғынатындай етіп нақты айтатын. Оның үстіне өзін биік ұстай білетін. Осы қасиеттердің өзі тыңдаушылардың көзіне бірден шалынып, оның басқалардан бөлек тұлға екенін анғартып тұратын.

Сол кездері мектепте орыс тілі пәнінен сабақ берген, бүгінде аудандағы білім саласы қызметкерлері ардагерлерінің төрайымы Роза Исахметова айтады:

Туысыман зерделі, парасатты, мінезге бай ол жарасымды киініп, бойын тік ұстап жүретін, үлгі аларлықтай нағыз маңыздың өзі еді. Біз, ұстаздар қауымы сол кісіге қарап бой түзейтінбіз. Ауданның ұстаздар қауымы Бөкенді «облыс аумағындағы мектеп директорларының дарабозы» деп атайтын. Бөкен табиғатынан тазалықты жақсы көретін. Бірде жаз айы болуы керек, үйге келгенде үй ішіндегі шыбындарды көріп, жұмысқа кетіп бара жатқанда жұбайы Нағимаға «Мен жұмыстан келгенде үйде шыбын болмайтын болсын. Егер шыбын болса, онда сен болма» деген көрінеді. Мұнысын замандастары кезінде әзіл етіп айтып отыратын.

«Қызғаныш» деген қай заманда да болған. Қалмайды, бола да берді. Бөкен жиырма жылдай бір мектепті басқарған кезде мектеп ұжымы, оқушыларға білім мен тәрбие беруде, басқа да саналуан жұмыстарды жүргізуде жоғары көрсеткіштерге жетіп, аудан мектептерінің алдын бермеген еді. Әлгі «қызғаныш» осындай дәрежелі жұмыстарды көре алмай жоғары жаққа шағым түсірген кездер де болды. Тексерілді де, бірақ көрсетілген айыптың жалған екені де анықталды. «Қызғаныштың» авторы да белгілі болды. Ол кінесін мойындап, көшірім де сұрады. Сондағы айтапқымыз, жақсы адамның үлкендік белгісінің бірі көшірімділігі екенінде. Бөкеннің сондай қасиетін бірге қызметтес болғандар бүгінге дейін еске алып айтып отырады.

Оны өз туыстары, Нағыз аңсарлы директор дейтін. Сөзіміз дәлелді болу үшін нақты фактілерге жүгінейік. Мысалы, ол кезде мектеп жанындағы интернаттасалғай ауылдағы малшылар мен шопандардың балалары келіп оқитын. Олардың барлығының бірдей жоғары оқу орнына баруға мүмкіндігі бола бермейтін. Сондықтан орта мектепті бітірген балаларға аттестатпен қоса мамандық алу қажеттігі туды. Мұны ауданда тұңғыш рет іске асырған Бөкен басқарған №123 орта мектептің еңбек ұжымы болатын. Сонымен 1964 жылдан бастап осы мектепті бітірген оқушылар аттестатпен қоса «малшы-механизатор» деген мамандық алып шығатын болды. Бұл бастама кезінде республика көлемінде кең қолдау тауып, білім беру саласындағы нағыз өміршен жаңалық болып саналған. Енді осы мектепті 1966 жылы бітірген Мыңжасар Ақмағамбетовтың сөзіне құлақ түрсек: – Біз, алпыстан астам «А» және «Б» класының оқушысы 1965-1966 оқу жылында осы мектепті бітіріп, қолымызға аттестат пен қоса «малшы-механизатор» деген мамандық бойынша күелік алып шықтық. Ол кезде мектепте «ДТ-54» маркалы трактормен қатар немірі өліге дейін есімде 15-49 «КЗА» деген «Газ-51» автомашинасы бар еді. Бұлардан сабақты бүгінде жолынеткер, жоғары білімді инженер-механик Кәрібай Жақанов деген ағайымыз берді. Кейін бұл бастама одан

әрі жетілдіріліп «малшы-механизатор» дегенге шопырлық мамандық қосылып, аттестатпен қоса III класты шопыр правасы берілетін болды. Арада қаншама жыл өтсе де аттестатпен қоса «малшы-механизатор» және III класты шопыр куәлігін алып шығып, ауыл шаруашылығы саласында жемісті еңбек етіп, зейнетке шыққан Бөкеннің тәрбиесін көрген жүздеген азамат, бүгінде мектептен алған мамандығын мақтан етіп айтып отырады.

Бөкен балалардың еңбек тәрбиесіне ерекше мән беретін. Сол кездері мектептің қарауындағы бір жарым гектардай жерге жеміс-жидек егіп, оны үлкен бауға айналдырған еді. Осы тақырыпқа арналған кезінде облыс аумағындағы биология пәнінен сабақ беретін мұғалімдердің талай рет семинар-кеңесі өткізілген еді. Мұндай жеміс-жидек өз аулаларында егу жөнінде оқушылардың ата-аналарымен де сөйлесіп, олар да қолдап, 1963-1973 жылдары аралығында бұл бастама қыстақта ауқымды түрде іске асырылып, өз жемісін бүгінге дейін беріп келеді, – дейді ол.

Болтай ағамыз басқарған №123 орта мектепте кезінде оқу тәрбие жұмысын жүргізетін, аудандағы ең үлгілі базалық мектеп дәрежесіне жеткізуге үлес қосқан ұстаздардан бүгінде қалғаны санаулы-ақ. Олар зейнеткер ұстаздар Роза Исахметова, Сауар Сейтжанов, Бисенкүл Жанбекова, Дания Ақмағамбетова, Мария Сүлейменова, Күләш Жалғынбаева, Нағима Серікова, Валентина Макарова, Қалипа Керімқұлова, Қымбат Сұлтанбекова, Күләш Үйсінбаева болатын. Бұлар әліге дейін өздері ұстаздық жасаған мектептен қол үзген емес. Мектепте өтетін әртүрлі шараларға қатысып, жастар арасында жиі болып, оларға ақыл-кеңес айтып, тәуелсіз еліміздің нағыз патриоты болып өсуіне өз үлесін қосып келеді. Бүгінде бұл мектеп аудандағы Темірбек Жүргенов атындағы дарынды балалар мектебі статусына ие болды. Оның негізін салушылар Болтай Табынбаев жетекшілік жасаған мектептегі ұстаздар қауымының еңбегі десек, қателеспейміз.

Мектеп жұмысында ұсақ-түйек деген есте болмайды. Бөрінің өз орны бар, бөрі де жүзеге асырылуы қажет. Бәлкім содан болар, бүгін атқарылуы тиіс жұмысты ертеңге қалдырмайтын. Соның дәлеліндей өзінің замандастары мен әріптестері оны «ұстаздардың ұстазы» деп атайтын. Бұл оған көпшілік қауымның берген бағасы еді. Ендеше оны заманында «бақытын ұстаздықтан тапқан халқының ұлы болды» деп айтуға әбден болады.

«Дүниеден өзі өтсе де, артында ізі сайрап жатқан осындай азаматтарды ұрпағымен мәңгі жасайды» деген атадан балаға жалғасып келе жатқан ұлағатты сөз тегін айтылмаса керек. Шындығы да сол Болтай мен Нағима отбасын құрып, бірге жасақан отыз жылдық өмірде дүниеге жеті бала әкелді. Бұлардың барлығы бүгінде егемен еліміздің ауыз толтырып айтатындай, мақтан тұтатындай әрқайсысы бір-бір білдей шаңырақ иелері. Атап айтатын болсақ, үлкені Нұрлан Шымкент қаласындағы барлық ірі өндіріс орнын біріктіретін холдингтің вице-президенті болып тұрған кезінде 41 жасында дүние салды. Артында Асқар атты ұлы бар. Руслан кәсіпкер, Ерлан ҰҚК-ның полковнигі, Сұлтан Қазақстан теміржолының жолаушылар тасымалдау қызметінің басшы құрамында, Нариман медицина ғылымының докторы, Ғалым Теміржол басшысындағы өрт сөндіру мекемесінде басшылық жұмыста болса, Манат әке жолын қуып ұстаз болды. «Жақсы адамның арты да жақсы болады» деген осы.

Жазбамызда сонау жылдардан деректер келтіріп, сөз қозғадық, талай адамның атын атадық, олардың арасында жоғы да бар, бары да бар. Алайда олардың барлығы да өз ортасының қадірмені болған еді. Өмірді әркім өзіңше түсінеді. Солардың арасынан бар саналы өмірін жастарға білім мен тәрбие беруге арнаған, ұстаздықты 32 жыл бойы іске асырған, артында қанша мың шәкірт қалдырған Болтай Табынбаев жайлы жеткізе айта алдық па, алмадық па, оның бағасын уақыт бере жатар. Ал біз әзірге осымен тоқтаймыз.

Шыңғыс АЙБОСЫНОВ,
Қазақстан Журналистер
одағының мүшесі

Сақтансаң, сақтайды

Скрининг – белгілі бір жастағы сау адамдарды алдын ала медициналық тексеруден өткізу, қауіп факторлары мен ауруларын ерте сатысында анықтау. Оны енгізу емдеудің тиімділігін жақсартады және асқынулардың дамуына жол бермейді.

Аурудың алдын аламын десеңіз...



Скрининг жүргізудің басты мақсаты – қоғамдық денсаулықты сақтау. Скринингтен өту әрбір азаматтың міндеті болып табылады. Жұмыс беруші тарап қызметкерлерінің скринингтен өтуі үшін барлық жағдай жасауға, олардың тексерілуден асықпай өтуі үшін жұмыстан босатуға міндетті. Бұл туралы «Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы» ҚР Кодексінде айтылған.

Скринингтен кімдер өтуі қажет? Алдымен осы сауалдың түйінін тарқатсақ... Скринингтерден тексеруде қарастырылған белгілі бір жас тобына кіретіндер өтеді. Мәселен, жатыр мойны обырын скринингтен 30-70 жас аралығындағы әйелдер 4 жылда 1 рет өтуі керек. Егер осы жылы науқас скринингке өту үшін тізімге енгізілсе, ұчаскелік медбике оны скринингке шақырып, тексеруге қалай дайындалу керектігін айтады.

Айта кетсек, “Д” есепте тұрған адамдарға скринингке жататын ауруы бойынша тексеру жүргізілмейді. Скрининг жергілікті қызметтің медициналық мекеменің шақыртылуы бойынша жүргізіледі.

Жалпы тексерудің бұл түріне антропометриялық өлшеулер яғни бой, дене салмағы, бел шеңбері, қан қысымын өлшеу мен мақсатты топқа байланысты зертханалық және аспаптық зерттеулер жүргізу кіреді. Жалпы скринингтеуді тіркелген жері бойынша емханалар жүзеге асырады. Ал оның кезеңдеріне келсек, скрининг дайындық, қарап-тексеру және зерттеу және қорытынды кезеңдерден тұрады.

Дайындық кезеңін емханада медбике жүргізеді. Бұл кезең тексеруден өтуі қажет тұрғындардың тізімін жасау, оларды скринингтеуден өту қажеттілігі мен шарттары туралы хабардар ету, халықты тексеріске шақыру мен тұрғындарды уақытылы тексерістен өтуін қадағалауды қамтиды. Бұдан кейін ұчаскелік дәрігердің, медбикелердің қабылдауы мен бейінді мамандардың көмегімен тексеру кезеңі жүргізіледі. Бұл тексерудің түріне байланысты зертханалық және диагностикалық зерттеулер кіреді.

Қорытынды кезеңде толық тексеруді және зерттеу нәтижесінде анықталған патологиясы бар пациенттер динамикалық бақылауға қойылады. Скрининг қорытындысында медициналық ақпараттық жүйеге енгізіліп, науқасқа толық тексеру және бақылау кеңестер айтылады.

Тексеру кезінде анықталған созылмалы аурулары бар адамдар есепке алынады. Бұған қоса олар динамикалық бақылауда болады. Ал жіті аурулар анықталса, науқастарға тексеру жүргізіледі. Толығымен емделіп шыққанша олардың денсаулығы қадағаланып, тиісті ем тағайындалады.

Скринингтік тексеруден тұрғындар аудандық орталық емхананың 151 кабинетіне барып өтуге болады. Ауырып ем іздегенше, ауырмайтын жол іздейік.

А.БЕКТАЕВА,
аудандық аурухананың
«Жастар денсаулық орталығы»
кабинеті дәрігері

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы хабарлайды: ХАБАРЛАМА

2023 жылғы 29 қаңтарда Қызылорда облысының Жалағаш ауданы Жаңадария ауылдық округі әкімінің сайлауы өткізілді.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 14 бабының 9) тармақшасына, 44 бабының 2 тармағына, 45 бабына, 113-10 бабына сәйкес №152 ұчаскелік сайлау комиссиясының дауыс берудің нәтижелері туралы хаттамалары негізінде сайлау қорытындыларын анықтады:

Сайлау округі бойынша сайлаушылар тізіміне 320 азамат енгізілген, оның ішінде 271-і дауыс берді. Жарамсыз деп танылған бюллетеньдер саны – 5, «Барлығына қарсымын» деген жолда белгісі бар – 0.

Әрбір кандидатты жақтап берілген дауыстар саны: Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлы – 241; Нурмаханов Ербол Жахатович – 25;

Жаңадария ауылдық округінің әкімі болып Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлы сайланды. 1983 жылы туылған, қазақ, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалы, операциялық бөлім маманы, Жаңадария ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Жалағаш аудандық сайлау комиссиясы «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасының Конституциялық Заңының 45, 113-11 баптарына сәйкес 2023 жылғы 30 қаңтардағы шешімімен 2023 жылғы 29 қаңтарда сайланған Жаңадария ауылдық округ әкімін тіркеді:

Ақпанбетов Рауан Сауранбекұлы – 1983 жылы туылған, қазақ, Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры акционерлік қоғамының Қызылорда облыстық филиалы,операциялық бөлім маманы, Жаңадария ауылында тұрады. «AMANAT» партиясының мүшесі, өзін-өзі ұсынған.

Өңір өнімі

«Кереметтің» өнімі де керемет



Қазірде дүкендердегі азық-түліктің және басқа да тұрмыстық тауарлардың дерлік барлығы сырттан тасымалданады. Тұтынушы көп және соған сәйкес сұраныс та өте жоғары. Әсіресе азық-түлік өнімдері. Сырттан әкелінген соң оның бағасы да күн сайын қымбаттау үстінде. Бағаны реттеудің ең тиімді жолы – кәсіпорындар ашып, халыққа өз өнімдерін ұсынып отырған жергілікті кәсіпкерлерді қаржылай қолдап, бағыт-бағдар беру. Әрине соған орай өнім сапасына талапты күшейту.

Жуырда аудан орталығындағы азық-түлік дүкендерінің сәресіндегі өтімді тауарлардың қатарына жергілікті өнім қосылғанын көріп, қуандық. Қорап-қалтасының сыртында «Керемет» деген саудалық атау-белгісі бар үн өнімдерінен дайындалған үй тұшпарасы, үй мантисы, үй самсасы және чебуреки бүгінде аудан тұрғындарының көбінің дастархан мәзірінен тұспейтін болған. Дәмді әрі сапалы тағамды тұтынушылардың саны артқан. Ал бұл өнімдерді жергілікті кәсіпкер Зебо Имашева үй жағдайында дайындап, нарыққа көтерме бағамен шығарып отыр.

– Біз өзiрге тұтынушымыз. Ал қай кезде де тұтынушы өндiрушiге тәуелдi. Осы тәуелдiлiктен құтылу үшiн тұрмыстық қажеттiлiктiң тым болмаса жартысын өзiмiз өндiруге тiспiз. Менiң бұл кәсiптi бастаудағы негiзгi мақсатым да сол – аудан халқына сапалы әрi тиiмдi бағдада өнiм ұсыну. Өзiрге шикiзатты сатып алып отырмыз. Бірақ алдағы уақытта бұл мәселенi де шешуге жоспар жасадық. Өзiрге мемлекеттен тиiстi көмек немесе кәсiпкерлiк мақсатта несие алғаным жоқ, жеке қаржыммен бастадым. Кәсiбiмдi кеңейтудi көздеп отырмын. Мүмкiн сол кезде мемлекеттiң қолдауын тиiмдi пайдаланармын, – дейдi Зебо Имашева.

Иә, кәсіпкердің мақсаты да, бағыты да құптарлық. Өзі дайындап отырған

өнімнің шикізатын сауда орындарынан алғанымен аудан тұрғындарына кәсіпкер ретінде қызмет көрсетіп келеді. Бүгінгі күннің басты мәселесі де, талабы да – халықты жеткілікті мөлшерде азық-түлікпен қамтамасыз ету. Бұл орайда біздің кейіпкеріміз жоғарыдағы атап өткен мәселенің бір түйінін болса да тарқатып, қойылған талаптың үдесінен шығып отыр. Расында қорап-қалтасы әсем безендірілген жергілікті «Керемет» өнімінің құрамында зиянды қоспалар жоқ, яғни экологиялық таза және бағасын да қарапайым халықтың қалтасы көтереді. Тұшпара мен манти тек өзге ұлттардың ғана емес, өт жеп үйренген қазақтың да жеңісі асына айналған бүгінде. Ал самса мен чебуреки шәй дастарханының дәмі, сәні.

– Жаппы тамақ жасау, түрлі тағамдарды дайындау әйелге таныс іс емес. Оны біздің күнделікті жұмысымыз десе де болады. Ал соны кәсіпке айналдыру оңай шаруа емес екен. Өйткені кез келген кәсіптің бір жағында халық тұрады. Сол үшін қандай кәсіп болса да оның қыр-сырын біліп, толық үйренуіңе тура келеді. Мәселен аспаздардың жұмысы сырт көзге оңай көрінгенімен, ол – ең ауыр жұмыс. Тамақ дайындауды тұтас ғылым десе де болады. Ата-бабамыз «ауру – астан» деп бекер айтқан жоқ. Ендеше, ас үйдің жауапкершілігін мойнына алған

адамға барша азық-түліктің құрамындағы элементтерді танып, тиісті қоспалардың мөлшерін дәл білу міндеттеледі. Яғни жеке өзіне немесе отбасына ғана емес, көпшілікке тамақ әзірлейтін аспаз өз ісінің нағыз шебері болуы тиіс. Міне, бізге де осындай талап қойылады. Өйткені мен де халыққа осындай қызмет көрсетіп отырмын. Сондықтан бұл кәсіп маған үлкен жауапкершілік жүктеді. Кәсіби сауатыңды арттыру – жұмыс деңгейің, өнім сапасының көпірі. Сол себепті мен үнемі жан-жақты ізденумен жүремін. Тағы бір айта кетерлігі, кәсіп иесіне қойылатын заңды талаптан бөлек, ол өзінің адал таза, сапалы қызметімен халықтың көңілінен шығыу тиіс.

Әрбір істің бастауында бір себепші болады. Бұл кәсіпті бастауыма ықпал еткен кәсіпкер Рита Кенжебаеваны айтпай кетуіме болмайды. Кәсіппен айналысып жүрген азаматтардың кәсібі әртүрлі болғанымен, мүддесі бір, ол – халыққа қызмет жасау деп ойлаймын. Рита алай мені көрген сайын «Қазір ауданда дайын тұшпара, манти дайындап, нарыққа шығарып отырған кәсіпкерлер өте аз, тіпті жоқ десе де болады. Ал біздің ауданда мал шаруашылығы дамыған, өттен мәселе жоқ. Сенің тәжірибең бар, бұл кәсіпті бастасаң алып кетесің. Бастысы, тұрғындар тарапынан жергілікті өңімге деген сұраныс бар», деп маған бағыт-

бағдар берді. Сол кісінің сөзінен соң тәуекел деп іске кірістім.

Қазірде мен «Кереметті» үйімнен шығарып отырмын. Бір бөлмеден шағын цех аштым. Санитарлық талапқа сәйкес, қауіпсіздік ережелеріне сай жабдықтадым. Уақыт талабына ілесу үшін дайын өнімдерді қалтайтын аппараттар мен арнайы электрлі пештер сатып алдым. Күнделікті жұмысыма қажетті сыйр етіп дүңгіршектер мен дүкендерден алып тұрамын. Қазірде ет сататын орындардағы тауардың сапасы ветеринариялық және санитариялық сараптамадан өтеді, қатаң бақылауда болады. Одан бөлек, біз де бұған жіті мән береміз. Өйткені өнімімізді тұтынып отырған халықтан қандай да бір шағым немесе сенімсіздік болмағанын қалаймыз.

Цехтағы жұмыстардың барлығы дерлік қолмен жасалады. Қасымда бір көмекшім бар. Ол да кәсіби маман. Әр түйірінің салмақ мөлшері өлшенеді. Яғни стандарттық шаманы сақтаймыз. Күнне 40 келі тұшпара, 10 келі манти дайындап, түйеміз. Сонымен бірге самса мен чебуреки де жеткілікті дайындалады. Дайын өнімдерді кент орталығындағы «Биылғұл ана», «Ақиет», «Қаракөз», «Бағдат», «Рита» сауда орындарына көтерме бағамен өткіземіз. Көбіне аудан тұрғындары дүкендерден біз дайындаған өнімдердің таусылып қалғанын айтып, арнайы тапсырыс береді. Тапсырысты да дер кезінде қабылдап, уақытында дайындап береміз. Мейрамханаларда, үйлерде өтетін тойларға үн өнімдерінен дайындалатын тағамның бірнеше түрін тапсырыс арқылы пісіреміз, – дейді Зебо Бердиярқызы.

ҚАХЕТОВ

Ел егемендік алғалы күн төртібінен түспей келе жатқан мәселелердің бірі және бірегейі – тіл мәртебесін көтеру. Бірақ бұл жолда жасалу үстіндегі шаралар толықтай оң нәтижеге жеткізді деп айту қиын. Өйткені қоғамда ана тілімізге деген көрсетілетін құрмет өз деңгейінде болмай тұр. Оны әр өңірдегі ерекшеліктерден, өз тілінен гөрі өзге тілді жанына жақын тұтатын отандастарымыздан байқаймыз. Сүйіншілейтін дүние емес, керісінше қынжылтатын жағдай. Тіпті бұл ең үлкен мәселе. Өйткені ана тілдің өміршеңдігі ұлттың дамуымен тікелей байланысты.

ТІЛГЕ ҚҰРМЕТ – ЕЛГЕ ҚҰРМЕТ

Негізі кез келген халықтың өзіне тән тілі, діні, болмысын айқындайтын құндылықтары болады. Қазақстан халқын да өзгелерден ерек етіп тұратын осынау құндылықтар барда ел мәңгі жасай бермек. Тіл – тәуелсіздігіміздің қуатты құралы, асыл ой мен парасат белгісі, елдігіміз бен бірлігіміздің туы. Тіл мәртебесі – ел мерейі. Тілсіз халықтың, елдің өмір сүруі мүмкін емес. Мемлекеттік тіл мәртебесіне ие қазақ тілі бүгінде ұлттық руханиятымыздың өзегіне айналды. Елімізде ана тілімізге қамқорлық жасалып, оның аясын кеңейтуге барлық мүмкіндіктер қарастырылған. Әсіресе тілге құрмет көрсету, оның қолданыс аясын кеңейту бүгінгі күн төртібіндегі мәселесі. Бұл жұмыстар толастамайды, тіл бар да оның мәртебесін көтерудегі, өміршеңдігін қалыптастырудағы жұмыстар да жалғаса бермек.

Жаппы қоғамда әртүрлі көзқарас қалыптасқан. Әсіресе үлкен қалаларда заманауи қажеттілікке байланысты дейміз бе, әйтеуір өз ана тіліне шорқақ адамдар қатары өсті. Олардың кейбірі тіпті қарапайым сөзіңді ұқпайды. Еліміздің бас қалаларына бара қалсаңыз, емің-ерің қазақшамен жүре аласыз деу қиын. Халқының басым бөлігі орысша. Орыс тілінде сөйлейді, түсінеді, сұхбат алмасады. Ал сіз орыс тілін білмесеңіз, орысша жауап қайтара алмасаңыз күлкіге қалуыңызда ғажап емес. Ама! Жоқтан өңірдің ерекшелігіне бейімделесіз, шұлдәлдеген орысшаңызды шыңдайсыз. Қазіргі қазақ қоғамындағы жағдай осыған таяды. Бірақ Қазақстанда өмір сүріп жатса да, ана тіліміз болып қазақ тілі бекітілген болса да өз ана тілінде сөйлеуді талап ететіндер азды-кем. Ондай патриоттық сезімі мықты жандар аз болғандықтан, тілге деген құрмет те ақсап тұр.

Қазақ халқының қаһарман ұлы Бауыржан Момышұлы өз заманында «Тіл байлығы – елдің елдігін, жұртшылығын, ғылыми әдебиетін, өнеркәсібің, мәдениетін, қоғамдық құрылысын, салт-санасының, жауынгерлік дәстүрінің, мұрасының қай дәрежеде екенін көрсететін сөзсіз дәлелі, мөлшері» деп тайға таңба басқандай анық та айқын көрсетіп берген болатын. Бір сөзбен айтқанда, тілге деген құрмет – халыққа деген құрмет. Халық қаһарманы айтқандай, әр ұлттың тіл байлығы олардың мәдениетінен де хабар бермек. Ал біздің елде тілдің мәртебесі анау айтқандай аспандап тұрған жоқ. Тіпті кез келген жерде қазақ тіліндегі жарнамалық баннерлердің, дүкен мандайшаларындағы әріптік қателерді оңай кезіктіресіз. Ол көзге дүрбілі көрініп тұрғанымен, оған мән беретіндер аз. Дүкен иесіне ескерту де берілмейді. Ешкім Ата Зандар «Мемлекеттік тіл» деп көрсетілген қазақ тілінің мәртебесін түсірдің демеуді. Біле білсек, тіл мен ділін ұмытқан ұлттың да болашағы бұлыңғыр екені анық.

Расымен Қазақстанда қазақ тілінің мәртебесі биіктеп, қоғамдағы азаматтардың барлығы қазақ тілін жетік меңгеруі заңдылық болуы керек. Сонда ғана өз еліңде жүріп, өзге тілді құрмет тұтатындар ана тілінің қадір-қасиетін ұғынады және оған лайықты түрде құрмет көрсетеді деп ойлаймыз. Тіл мәртебесін көтерудің баспалдағы оған жасалатын құрметтен бастау алатынын назарда ұстаған дұрыс. Ғасырлар бойы өміршеңдігін жоғалтпаған ана тіліміздің шұбарлануының алдын алу қашанда күн төртібінен түспейді тиіс.

Тілі жоғалған ұлттың өзі де жоғалады, өзегің тілің, ділің, дінін қабылдап, өзіндік болмысынан айырылады. Ал кез келген ұлт үшін, халық үшін бұдан асқан қасірет жоқ. Санғасырлық тарихымыздан айырылып, болмысымызды ұмытсап үшін ұлттың басты құндылығы – ана тілімізді өз білгінде ұстап тұру, мәртебесін өсіру және осы жолда тынбай күресу керек. Бұған атсалысу әрбір азаматтың ана тілі алдындағы міндеті.

Нұр НАУАН

Адам – саналы, қызық та күрделі әрі тылсым жаратылыс иесі. Алла солай жаратқан. Адамтану, анығырақ айтсақ, тәнтану, жантану ғылымы адам жанына әлі күнге дейін үңіліп келе жатса да, толық зерттеліп болған жоқ. Дәрігерлер адамның тәні белгілі бір бөлшектер мен ағзалардан тұратынын біледі және мамандығына, білім-білігіне қарай соны емдейді. Ал адам жанын ешкім түстеп танымайды және қайда орналасқанын біле алмай келеді. Тіпті қазіргі толып кеткен психологтар да бұл туралы нақты түсінік бере алмайды. Оны тек саналы жаратылыстың өзі ғана біледі. Бірақ алдымен ол өзінің қалай жаратылғанын біліп, өзін толық тануы тиіс. Әйтпесе жан иесінің өзі шатасады.

Айтпақшы, жан иесі дегенде еске түседі. Психологиялық, драма жанрында түсірілген фильм бар. Түрмеге түскен екі жігіт қысқа ғана диалог құрады. Біріншісі екіншісінен түрмеге не үшін түскенін және қандай жаза кескенін, қанша мерзім алғанын сұрайды. Сонда әлгі қылмыскер өз жазасын өмір бойы түрмеде өтейтінін айтып, «Өйткені мен жанымды саттым» деп жауап береді. Сонда сұрақ қоюшы, шын мәнінде адам жанын сата алмайтынын, жан адамға тиесілі емес, Аллаға тиесілі екенін, яғни жан Иесі Алла екенін айтады...

Иә, расында жан иесі біз емес, Алла. Жан – бізге берілген уақытша аманат. Бірақ соны өз Иесіне қайтарғанда адам өз жанын өзі толық

Жан тазалығы мен жан азабы



тануға және басқаруға мүмкіндігі бар екен. Ол үшін біз алдымен жан берушіні тануымыз керек болады. Бұл айтып отырғанымыздың дінге қатысы бар десе де, жоқ десе болады. Ол өз алдына бөлек әңгіме. Біздің айтпағымыз, қазірде адамзатты тән ауруы емес, жан ауруы меңдеп бара жатқаны. Тәнің ауыrsa, дәрі-дәрмек, екпелермен емделеді. Жаның ауырса, медицина көмектеспейді. Психолог пен психотерапевт дәрігерлер де жан ауруынан түбегейлі арылтып жібермейді. Олар тек патологиясын анықтап, клиникалық көмек көрсетеді. Бірақ одан соң жан ауруынан құлан-таза айығып кетуіне кепілдік бермейді...

Біздің сөздік қорымызда «жан азабын тарту» деген тіркес бар. Дыбысталуының

өзі қорқынышты. Десе де осы сөзге аса мән бермейміз. Жан азабы дененді дендеген дерт емес. Бірақ қазір жан азабын тартып жүргендердің қатары көбейіп келеді. Дәрігерлер оларға психологиялық ауытқулар мен неврологиялық бұзылыстар деген диагноз қойып ем тағайындайды. Яғни «әлеуметтік ауру» деген атауы бар. Рас, қоғамдағы айналасындағы, қызметіндегі, отбасындағы түсінісбестік, бітпейтін жанжал, жағымсыз жайттар, күнделікті қайталанатын беретін келеңсіз жағдайлар адамның жүйкесіне күш түсіреді. Ал жүйке тоза, адамның тәні де, жаны да дертке шалдығады. Алайда оның түпкі себебі бар екен. Жүйке де, жүрек те жанға бағынышты. Егер жанды таза сақтай алмасақ, біздің

тәніміз өзгеріске ұшырап, тұтас ағзамыздың қалыпты қызметі бұзылады екен. Бұл – ойдың тазалығына тікелей байланысты. Сөт сайын ойды тазалап отыру иогада бар өдіс. Мұсылман діні де, біздің қазақы танымымызда да ой тазалығы туралы көп айтылады. Ол біздің тілімізге де, санамызға да ниет деген сөз арқылы сіңген. Біз жақсы адамға баға бергенде «ниеті тазу, жаны таза адам» деп жатамыз ғой. Міне, сол ниет бұзылса, жан бүлінеді. Яғни басыңа жиналған жаман оймен былғанады. Сосын жан азабы басталады. Содан соң қашан ойыңды тазартып, ниетіңді түзмейінше жан азабынан шыға алмайсың, емделмейсің.

Бұрынғы бабаларамыз «жан азабы» деген аурудың зардабын тартпаған. Неге? Өйткені ол кездегі адамдар жанын таза ұстаған. Олар кеудесіне қонақтаған жанның Иесі бар екенін, өздеріне уақытша аманатталғанын білді, сезінді. Сондықтан аманатқа қиянат жасауға қорықты. Мүмкіндігінше Иесіне таза күйінде қайтаруға, тапсыруға тырысты.

Ал қазіргілердің жаны қалай кірлеп кетті десек, ойланбастан «қисапсыз байлық жинаған» деп жауап беретініміз анық. Яғни байлық ниетті бұзды дейміз. Біздің алдымызда да мыңды айдаған байлар өткен. Бірақ, байлықтың да қайырлысы, қайырсызы болады. Ол да адамның ниетіне байланысты. Бұрынғы байлар өздерін дүние-мүлік иесі емес, Алла берген аманат жанның уақытша иесі ретінде қарады. Сондықтан керісінше, олардың жанын таза сақтаған сол байлығы. Ниеті себепкер болып, қолындағысының белгілі бір бөлігін кедей-келшік, жоқ-жітік, ғаріп-міскін жандарға бөліп беріпті және сондай ізгі амал арқылы жанын тазартып отырды. Ендеше, жан тазалығын сақтаудың ең ізгі амалы – оң ниет екен. Ниет – ой. Ой бұзылса, жан кірлейді. Жан кірлесе, азабын иесі тартады.

Бірде бір журналистің белгілі ақын Ақберен Елгезекпен сұқбатын оқыдым. «Ақын білімді болуы керек пе?» деген сұраққа «Ақынға білім жоғарыдан (Алладан) түсірген өлеңді сараптап отыруы үшін керек. Өйткені, ақынға оқырманын тәрбиелейтін де, ойын бұзатын да сөз келуі мүмкін. Сондықтан бірінші кезекте ой тазалығы тұруы тиіс» деп жауап беріпті. Сол сұқбат барысында ақын ой тазалығына қатысты тағы да мынадай мысал келтіріпті. Ертеде бір арам ойлы адам жер бетін жойып жіберетін қару жасап шығарып, деп ойлапты. Бірақ, аздан соң өзі ойынан өзі шошып кеткен ол жаппай қырып-жойғыш қару жасау ойынан айнып қалыпты. Сол сөтте оған жоғарыдан бір дауыс: «Болды, енді кеш қалдың. Мен кеңістікке шығып кеттім. Сен уа баста ол қару туралы ойламауың керек еді» депті. Сөйтіп әлгінің теріс ниетінен туындаған жаман ойы бірер ғасырдан соң дүниеге келіп, жер бетінің жартысын атом қарулары тып-тыпыл етті. Қазақ бұндайша «Жақсы сөз – жарым ырыс» деп түйді. Ал сөз ойдан туады...

Сөз басында айтқанымыздай, осы күні жан азабымен ауыртпандардың саны күрт көбейіп кеткен. Сырт көзге білінбегенімен, күні-түні оларды белгісіз дерт мазалап, ішкі әлемінде арпалыс жүріп жатады. Дәрігерлер алдына келген науқасты аутизммен бастау алдына стресс, депрессия, невроз, соны урейлі шабуылға ұласатын жүйке ауруларының қатарына жатқызып емдегенімен, жан азабынан тек адамның өзі ғана арылады екен. Яғни оған дәрігер де, дәрі-дәрмек те көмектеспейді. Біреуге деген басараздық, дұшпандық көк, керееалмаушылық, қызғаныш дегенді ойыңнан шығарып тастап, оның орнын көшіріммен, сабырмен толтырағанда ғана адамның жан дүниесі кірден тазарғады.

Қуат АДИС

Меншік иесі:

СЫР МЕДИА
жауапкершілігі
шектеулі серіктестігі

Бас директор
Аманжол ОҢҒАРБАЕВ

Жалағаш аудандық
“Жалағаш жаршысы” газетінің редакциясы

Бас редактор
Кенжетай ҚАЙРАҚБАЕВ

Телефондар:
Бас директор - 8(7242) 70-00-36
Бас редактор - 32-0-41
Бас редактордың орынбасары,
жауапты хатшы,
бөлімдер - 31-5-75

Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және коммуникациялар министрілігінің Ақпарат комитетінде 16 сәуір 2019 жылы қайта тіркеліп, №17662-Г куәлігі берілген.
“Жалағаш жаршысы” аудандық газеті ҚР СТ ISO 9001:2016 (ISO 9001:2015) “Сапа менеджменті жүйелері” талаптарына сәйкес KZ.4310318.07.03.01178 нөмірімен сертификатталған.

Газет әр аптаның *сейсенбі, сенбі күндері шығады.*

Қолжазбалар өңделеді және кері қайтарылмайды.
Жеке авторлардың пікірі редакцияның түпкілікті көзқарасын білдірмейді.
Жарнама мазмұнына жарнама беруші жауапты.

Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттеліп, «ASU» баспа үйі» ЖШС сенімгерлік басқаруындағы «Сыр медиа» ЖШС баспаханасында басылды.
Тел.: 8(7242) 40-06-68.
Газеттің таралымы бойынша 31-5-75 немесе 8 (7242) 70-14-08 телефон нөміріне хабарласуға болады.

Таралымы 3097 Тапсырыс № 168

Кезекші редактор: Нұржамила АЛМАҚСЫЗЫ

Мекен-жайымыз: 120200, Қызылорда облысы, Жалағаш кенті, Абай көшесі №68. E-mail: zhal_jarsh@mail.ru